

Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 4/616 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қарашада № 1597 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 15 тамыздағы № 3/393 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 15.08.2022 № 3/393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроенеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 2 тармағының 17-10) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. "Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte осы қаулыны әдіlet органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары С. Тұяқбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б. Сагинтаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 14 қарашадағы
№ 4/616 қаулысымен
бекітілген

Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың осы қағидалары (бұдан әрі -

Қағида) Қазақстан Республикасының "АгроОнеркесіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 2 тармағының 17-10 тармақшасына сәйкес өзірленді және Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қоры – Алматы қаласының аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту -азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-түлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалану - тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу;

4) азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру - сатып алу интервенциялары, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына, оның ішінде жауапты жеткізуінде (кәсіпкерлік субъектісінде) азық-түлік тауарларын орналастыру және сақтау;

5) Әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарлары - тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген адамның физиологиялық мұқтаждықтары есебінен қанағаттандырылатын азық-түлік тауарлары;

6) мамандандырылған ұйым - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1279 "Сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін, сондай-ақ оларға сыйақы мөлшерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, сатып алу және тауар интервенцияларын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген "Алматы Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

7) сатып алу интервенциялары – Алматы қаласының аумағында бағалар төмендеген кезде азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;

8) тауар интервенциялары - бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар.

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 шілдеде № 9123 болып тіркелген) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларына сәйкес іске асырылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Алматы қаласының әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

5. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады, Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия ез қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте Комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

7. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) Алматы қаласының аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және көлемін, олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес, қарыз беруге кәсіпкерлік субъектісін анықтау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымның ұсыныстарын қарастыру.

8. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы (бұдан әрі – Жұмыс органдары) қамтамасыз етеді.

9. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін Жұмыс органдары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру

тетіктерін іске асыратын мамандандырылған үйымнан қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған үйимдардың (бұдан әрі - мамандандырылған үйим) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

11. Жұмыс органы ай сайын айдың 20-на дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы және Ұлттық экономика министрліктеріне әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынады.

2. Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі

12. Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында Жұмыс органы әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

- 1) тұрақтандыру қорының қызметі;
- 2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

3. Азық-тұлік тауарларының тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі

13. Азық-тұлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі оны қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

14. Азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өнірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-тұлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс аландары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-тұлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындаиды.

15. Азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 "Әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларының тізбесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген тізімнен қалыптастырылады.

16. Мамандандырылған ұйым жүзеге асыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Алматы қаласы Қәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы бекіткен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерінен 10% немесе одан төмен бағаларды ұстауды есепке ала отырып қалыптастырылады.

17. Комиссия Алматы қаласының әкіміне сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

18. Алматы қаласының әкімдігі комиссияның ұсынысы негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

19. Өнірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде азық-түлік тауарларын тікелей тауар өндірушілерден және (немесе) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылады.

20. Өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарлары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және откізу кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

21. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер мен басқа да көздер негізінде өнірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына (өндіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауар қозғалысы, қорларының, бағаларының болуы) тұрақты талдау жүргізеді, өнірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындауды және сатып алу интервенциялары туралы шешім қабылдайды.

22. Өнірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

23. Мамандандырылған ұйым әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері ұлғайған жағдайда 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

24. Мамандандырылған ұйым өнірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

25. Өнірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өнірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

26. Өнірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйым өзінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілері арқылы, сондай-ақ өндеу кәсіпорындары шекті сауда үстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өткізуді жүзеге асырады.

27. Бұл ретте өндеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарларының бағасы Алматы қаласының әкімдігі бекіткен шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өндеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

28. Жұмыс органы мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

4. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі

29. Алматы қаласының әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында мамандандырылған ұйымға кейін кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылдылық шарттарымен жүзеге асырылады.

30. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бекітілген төмендетілген бөлшек сауда бағаларын белгілеу жолымен қамтамасыз етіледі.

31. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілерін Комиссия әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес айқындайды.

32. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін анықтағаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

33. Кәсіпкерлік субъектісі міндетті түрде мамандандырылған ұйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрде беріледі: кепіл және/немесе банктік кепілдендіру және/немесе сақтандыру шарты және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдік/кеңілгерлігі. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда рәсімделеді.

34. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалатын қарыз шартымен белгіленеді.

35. Қаржыландыру көзі Алматы қаласының әкімдігі бөлетін ақшалай қаражат болып табылады.

36. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

37. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.